

**ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» қамқоршылық кеңесі отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 20.02.2026 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, хатшы.

Күн тәртібі:

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу

Хабарлама: Нагишева Л әдіскер

2. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру.

Практикум. Садыкова Д.Р - педагог-психолог

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Л.А.Нагишева бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында Қазақстанда қабылданған «Бала құқығы туралы» Заңның баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақшада аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денешынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптасқанын айтты. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен қатар оқыту процесі жүзеге асырылатынын ескертті. Әр жартыжылдық сайын ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын технологиясы мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болатынын атап өтті. Баланың дем алуға және бос уақытын тиімді пайдалануға құқылы екені Заңның 19-бабында көрсетілгенін айта отырып, балалардың бос уақытында түрлі үйіме жұмыстары мен іс шаралар, жаз мезгілінде сауықтыру шаралары жүргізілетінін атап көрсетті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері педагог-психолог кабинетіне барып жұмыстарымен танысты. Педагог-психологтың ұйымдастыруымен құм терапиясы, үстел үстіндегі ойындарды, логопед-мұғалімнің логомассаж, зонд массаж түрлерін көрсетуін тамашалады. Балабақша әдіскері жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары жайлы қосымша ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Жусупова А.М.-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшада бала құқығының қорғалуы бойынша жағдайлар жасалған және жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана баласын үйден де қадағалап жауапкершілігін күшейтсе деген ұсынысым бар.

Даулетов Д.И - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

- Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанықпыз. Алдағы уақытта ұлттық рухани құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін арнайы сабақтар, үйірмелер қарастырылса деп ойлаймын.

Нукенова Н - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшадағы түзете-дамыту жұмысын көрдік. Жүйелі жүргізілетіні байқалып тұр. Мұндай мамандармен жекеленген жұмыстардың жүргізілуі өте орынды.

А.Т.Тажиданова - меңгеруші:

- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Ұлттық рухани құндылықтарды балаларға үйрету бойынша қосымша жұмыс жасауды қарастырамыз.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Даулетов Дархан Исатаевич қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы бала құқығын қорғау жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Балабақшадағы тәрбиеленушілермен түзете-дамыту жұмыстары жолға қойылған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Даулетов Д.И

Хатшы:

Нагишева Л.А

Мүшелері:

Казиханова Ж.М

Нуркенова Н

Махамбетов Ж.Н

Жусупова А.М

Мусахан Р.Е

Жұрынбай Н